

Бекітемін :

Мектеп директоры

С.А. Абдикаримова

«31» 05

С.Абдикаримова

2024 жыл



Қаралды:

31.05.2024ж

№5 педагогикалық
кеңес

**2024-2029 жылдарға арналған
Ақмола облысы білім басқармасының
Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі
Қорғалжын ауылының
«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ-нің даму
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Ақмола облысы білім басқармасының
Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі
Қорғалжын ауылының
«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2024-2029 жылдарға арналған даму
БАҒДАРЛАМАСЫ
Мазмұны**

I-бөлім	Бағдарлама паспорты	
II бөлім	Ағымдағы ахуалды талдау	
III бөлім	Миссиясы және пайымы	
IV бөлім	Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер	
V бөлім	Мектептің даму бағдарламасының 2024-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары	

I. Бағдарлама паспорты

Бағдарламаның толық атауы	2024-2029 жылдарға арналған Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы білім бөлімінің «Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің даму жоспары
Бағдарламаны әзірлеу негіздемесі	<ol style="list-style-type: none"> 1.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. 2.ҚР мектепке дейінгі, орта техникалық және кәсіптік білім беру дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы 3. «Педагог мәртебесі»туралы Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-ҮІ ҚРЗ 4.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жоба 5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары. 6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың , бастауыш, негізгі орта және жалпы орта , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы,23.09.2022ж№406 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) 7. «Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»

	коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	<p>1. Мектептің одан әрі дамуының басымдықтарын анықтау;</p> <p>2. Мектептің білім беру жүйесін жаңғыртуда мақсатты сипатты қамтамасыз ету бойынша білім беру кеңістігі субъектілерінің қызметін үйлестіру, күш-жігер мен ресурстарды шоғырландыру үздік әлемдік практикаға сәйкес келетін гимназияны дамыту;</p> <p>3. Білім беру саласының әлеуметтік-мәдени мәселелерін шешу және экономикалық өсуге білім берудің тиісті үлесін қамтамасыз ету;</p> <p>4. Мектепте білім беруді дамытудың жергілікті бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз құру</p>
Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімдері мен кезеңдері	<p>2024-2025 оқу жылдары - I кезең</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бағдарлама мақсаты негізінде комплексті түрде жүйелі жұмыс ұйымдастыру. - Қажетті ресурстармен қамтамасыз ету - Бағдарламаның нормативтік базасын әзірлеу және бекіту. - Оны іске асыру бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын анықтау және талқылау <p>2025-2027 оқу жылдары - II кезең</p> <ul style="list-style-type: none"> - Педагогикалық және инновациялық технологияларды меңгеру және енгізу; - Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізу; <p>2028-2029 жылдары - III кезең</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бағдарламаны жүзеге асыру барысындағы нәтижелерді жинақтау, сараптама жасау, талдау, нақты ұсыныстар енгізу. - Нәтижелерді рәсімдеу және қорытындылау. - Озат тәжірибе жетістіктерін енгізу. Бағдарламаның жүзеге асырылуына қорытынды жасау.
Қаржыландыру көздері	Бағдарламаны іске асыру үшін 2024-2029 ж.ж. Республикалық бюджеттен және жергілікті бюджеттен қаржы бөлінеді, сондай-ақ ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған басқа қаражат, соның ішінде балама көздерін тарту арқылы. Бағдарламаны қаржыландыру көлемі сәйкес қаржы жолына РБ пен ЖБ-ті бекіту кезінде нақтыланады.

II. Ағымдағы ахуалды талдау

Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі

Қорғалжын ауылының

«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мекен- жайы: 021300, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы,
Ә.Жангельдин көшесі 8 үй

Байланыс телефоны: (871637) 2-19-00

Электрондық мекен -жайы: *dsw_2@mail.ru* **сайт:**

Оқу тілі : қазақша

Қолданысқа берілу уақыты: 1972 жылы .

Жобалық қуаты- 600 орын.

Ғимараттың жалпы аумағы - **7349** шаршы метр, 3 қабатты, 2 блогқа бөлінген

Оқу кабинеттері: информатика, математика, химия, биология, физика, қазақ тілі, орыс тілі, тарих, бастауыш сынып кабинеттері, интерактивтік такталар мен жабдықталған, кең жолақты интернет желісіне қосылған. орындық асхана, технология кабинеттері, спорттық зал бар. 80 орындық акт залы бар. Қажетті құралдармен жабдықталған медициналық кабинеті бар. Ақмола облысы білім басқармасының, Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі, Қорғалжын ауылының «Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім алушылардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес бағыттар бойынша кең ауқымда және тереңдете білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім мекемесі. Мектеп өз жұмысын жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР құқықтық- нормативтік актілеріне, жергілікті басқару органдарының құқықтық аткілеріне, мектеп, мектеп жарғысына сүйенеді. 32 мұғалім істеуде. Жоғары білімді -24 (72 %) мұғалім, арнаулы орта - 8 (25 %) мұғалім. Оның ішінде 6 (19%) бастауыш сынып мұғалімі, 4 (12,5%) қазақ тілі мен әдебиет, 1 (3%) мұғалім орыс тілі мен әдебиет пәнінен, 2 (6 %) ағылшын тілі, 4 (12,5%) мұғалім математика, 2 (6,25 %) информатика, 1 (3%) биология, 1 (3%) тарих, 1 (3%) физика, 1 (3%) химия, 1 (3%) биология, 2 (6%) технология пәні мұғалімі, 1 (3%) АӘД мұғалімі, 4 (%) дене шынықтыру мұғалімі. Одан басқа мектепте психолог, әлеуметтік педагог, тәлімгер, тәрбиешілер жұмыс атқарады. Квалификациялық деңгейі бойынша сапалық құрамы келесіні көрсетті: педагог-зерттеуші – 6 (18,75%), педагог-сарапшы – 11 (34%), педагог-модератор – 6 (18,75%), санатсыз 9 (28%) мұғалім еңбек етеді. Дербес компьютерлер саны – 30 , оның ішіндегі локалдық сетьтегі – 12, интерактивті панель- 7 , интерактивті такта- 8 , интернет жылдамдығы 6 Мбит/с. Жалпы кітапхана қоры – 4797 , оқулықтар саны – 4014 , көркем әдебиет саны – 783 , электронды оқулық саны –62 .

Оқу процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшелері туралы» әдістемелік-нұсқау хаты пайдаланылды.

Бағдарламаның мониторингі

Мониторинг нәтижелері негізінде:

- 1) Мектеп әкімшілігі, жалпы мектептік өзін-өзі басқару ұйымы. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға түзетулер енгізеді.
- 2) Сондай-ақ мемлекеттің цифрлық және әлеуметтік-экономикалық, білім беру саясатының басым бағыттарындағы ықтимал өзгерістерді енгізіп отырады

Мектептің негізгі міндеті: мектеп жасындағы барлық балалардың негізгі тегін білім алу және аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету, конституциялық құқығын іске асыру үшін жағдай жасау. Мүгедек балалар мен ЗПР балаларын әлеуметтік қорғау.

2023-2024 оқу жылындағы ПМПК есебіндегі оқушылардың тізімі

№	Оқушының аты жөні	Туған жылы, айы, күні	Сынып	Диагнозы	Өткен жылы
1	Бекболат Жансұлтан	25.01.2016 ж	1 сынып	Задержка психического развития. Нарушения речи. (общее недоразвитие речи 2 уровня)	2023
2	Қапабай Дархан	08.11.2016 ж	1 сынып	Нарушение речи.(общее недоразвитие речи 2 уровня)	2023ж
3	Альжан Нұрсұлтан	09.04.2015 ж	2 сынып	Трудности формирования письма и чтения.	2023ж
4	Досбол Абдуллаһ	12.10.2016 ж	2 сынып	Задержка психического развития. Трудности формирования	2023ж

				школьных навыков.	
5	Сайлауказы Нұрсултан	14.07.2015 ж	2 сынып	Задержка психического развития. Трудности формирования школьных навыков.	2023ж
6	Қанат Илияс	10.02.2014ж	3 сынып	Задержка психического развития. Нарушение речи (ринолалия). Нарушение речи(дислексия)	2023ж
7	Хамит Мырзахан	06.12.2014ж	3 сынып	Задержка психического развития. Нарушения речи.(общее недоразвитие речи 3 уровня)	2023ж
8	Серікбай Еркежан	07.08.2015ж	3 сынып	Задержка психического развития. Трудности формирования письма и чтения.	2023ж
9	Утеш Ақнұр	12.10.2013ж	4 сынып	Задержка психического развития. Нарушения речи (дисграфия)	2023ж
10	Абжанова Жулдызай	25.02.2011ж	6 сынып	Задержка психического развития.	2023ж
11	Ислям Сырым	25.12.2010ж	7 сынып	Задержка психического развития. Нарушения речи (дисграфия)	2023ж
12	Байтұрсын	28.01.2011 ж	7	Задержка психического	2023ж

	Тамерлан		сынып	развития. Нарушение речи (Дислексия)	
13	Дюсембек Айтқажы	09.09.2010 ж	7 сынып	Задержка психического развития	2023ж
14	Айтбай Айсұлу	16.09.2009	8-сынып	Задержка психического развития	2023ж
15	Абенова Айлана	23.08.2010 ж	8 сынып	Задержка психического развития	2023ж

**2023-2024 оқу жылындағы мектеп жанындағы
«Қарлығаш» шағын орталығы бойынша
пмпк есебіндегі тәрбиеленушілердің тізімі**

№	Тәрбиеленушінің аты жөні	Туған жылы, айы, күні	Топ	Диагнозы	Өткен жылы
1.	Қанат Фатима	27.06.2018ж	ересек тобы	Задержка психического развития Нарушение речи.(общее недоразвитие речи 2 уровня).	2023ж
2.	Қырықбай Сұлуай	10.04.2018 ж	ересек тобы	Задержка психического развития Нарушение речи.(общее недоразвитие речи 2 уровня).	2023ж.
3	Әбілқасым Айшаханы м	13.06.2019 ж	ересек тобы	Задержка психического развития Нарушение речи.(общее недоразвитие речи 1 уровня).	2023ж

Ақмола облысы білім басқармасының
 Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі
 Қорғалжын ауылының
 «Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
 мекемесі

білім беру жүйесінің қазіргі жай-күйін Swot-талдау

Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау

Кадрлық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Барлық пән бойынша мұғалімдер дипломда көрсетілген біліктілері бойынша білім береді. Мектеп бойынша біліктілік санаттары: Педагог- зерттеуші-6 Педагог-сарапшы- 11 Педагог-модератор-6 Мұғалімдердің біліктілігі- 72 % құрайды.	Жоғары буын мұғалімдерінің АКТ-ны төмен меңгеруі	Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға мүмкіндіктері бар. Біліктілік арттыру курстар арқылы мұғалімдер кәсіби шеберліктерін арттырады	Білім сапасының төмендеуі
Материалдық-техникалық ресурстар			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Камералар орнатылған, ғаламтор желісі бар.	Ғаламтор жылдамдығының әлсіздігі	АКТ құралдарын жаңарту.	АКТ құралдарын жаңарту үшін қаражаттың бөлінбеуі
Ақпараттық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)

Интернет ресурстар арқылы тасымалдануы	Ақпараттық ресурстарға деген уақытылы қолжетімсіздік	Ақпаратты жеткізудің басқа да тетіктерін қарастыру.	Қауіптер жоқ Антивирус бағдарламалары орнатылған
----------------------------------------	------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	-----------------------------------------------------

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУ

Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
<ul style="list-style-type: none"> -Білім сапасының тұрақтылығы; - Пән бойынша оқу бағдарламасы мен жоспарын іске асырудың жүйелілігі; - Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамыту моделін іске асыру; 	Бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастықтың төмендігі	Білімдегі олқылықтарды анықтай отырып, білім сапасын жақсарту.	<ul style="list-style-type: none"> Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың төмендігі. Ата-аналар тарапынан қолдаудың болмауы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ШАРТТАРЫ, БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ

Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
<ul style="list-style-type: none"> Үздік оқушылар санының артуы Грант иегерлерінің артуы 	Дарынды оқушымен жұмыстың алдыңғы оқу жылдарымен салыстырғанда төмендігі. аудандық олимпиадаларды, ғылыми жоба байқауларында 1 орындар жоқ, сондықтан облыстық байқауларға қатыса алмауы.	Дарынды оқушымен жұмыс істеуге мұғалімдер мен материалдық – техникалық базаның мүмкіндіктері жеткілікті	Білім беру арасындағы сабақтастықтың, дарынды және үлгермеуші оқушылармен жұмыстың әлсіздігінен білім сапасының төмендеуі

**ЖАЛПЫ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ИДЕАЛДАРҒА
БАҒДАРЛАНҒАН БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ БАР ТҮЛҒАНЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ІСКЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ**

Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
<p>-«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бойынша жоспарланған шаралар орындалуы; -Ата-аналардың жалпы білім беру іс-шараларына қатысуы, ата-аналарды қолдау орталығының құрылуы;</p>	<p>-Мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы зор мәдени іс-шаралардың өткізу төмендігі</p>	<p>-Қоғамдық байланыстарды кеңейту; -білім беру кеңістігіндегі көшбасшылардың бірі ретінде мектеп мәртебесін көтеру;</p>	<p>-Ата-аналардың өз жұмыс бастылығы; -Ата-аналардың отбасылық құндылықтарды бала бойына сіңіруі, құндылық негізіндегі отбасы тәрбиесінің төмендігі,</p>

ОҚУШЫЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ

Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
<p>Салауатты өмір салтын сақтау шараларының жүйелі түрде өтуі; Үйірмелерге, спорттық секцияларға қатысу</p>	<p>Оқушы денсаулығына байланысты мектеп педагогикалық кадрларының білім деңгейінің төмендігі</p>	<p>Білім алушыларды ыстық тамақпен (жалпы қордан) қамту. Салауатты өмір салтын қолдайтын қосымша білім беру бағдарламалармен іске асыру;</p>	<p>Ата-ана тарапынан қолдаудың аздығы</p>

Әлеуметтік педагог жұмысы

Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары
<p>Балалар, жасөспірімдер, олардың тәрбиеешілері өмірінің қиын кезеңінде әлеуметтік педагогтан көмек сұрайды. Өмірден түңулген, үмітін жоғалтқан, үмітін жоғалтқан, қиындықты басынан кешірген және проблеманы өздігінен шеше алмаған олар түсіністігі, тілектестігі, адамгершілік қолдауды және нақты көмекті күтеді. Оларға сөзбен немесе іспен көмектесу, олардың өзіне сенуіне, өзінің құндылықтарын қайта қарауына және кемелденуіне ықпал ету-әлеуметтік педагогтың басты міндеті. Балалар мен жасөспірімдердің жанын түсіну және аялау-әлеуметтік педагогтың негізгі миссиясы. Соңғы он жылдағы болып жатқан өзгерістер рухани-өнегелік бағдарлауды, тұспадауды, мұрат етуге көптеген қоғамдық сананы барлық жатқан өзгерістер рухани-өнегелік бағдарлауды, тұспаулауды, мұрат етуге көптеген қоғамдық сананың барлық формасының мазмұнына өзгертулер енгізді:</p>	<p>Баланың жаны мен психикасына жағымсыз әсер ететін толық емес, кикілжінді, қолайсыз отбасылар көбеюде. Балалар мен жастар үнемі білім беру мен тәрбие саласында да әлеуметтік депрессияға түсуде. Қазіргі таңда сапалы білім алу тікелей отбасының материалдық жағдайына, байланысты болып отыр. Әлеуметтік қатынаста депривациялық фактор әлеуметтік жіктілеудің күннен күнге тереңдеуіне және қала мен ауыл арасындағы айырмашылыққа байланысты болып отыр.</p>
<p>Балалар мен жастардың әлеуметтік проблемалары-халық арасындағы ерекше әлеуметтік –демографиялық тобының өздері және қоғам үшін маңызды салаларындағы проблемалары. Бұл проблеманы шешу үшін өскелең ұрпақтың және оны әлеуметтендіру институтының белсенділігін ғана емес, мемлекет пен қоғам тарапынан арнайы саясаты қажет етеді.</p>	<p>Әлеуметтік депривацияның көрінісінің бірі ретінде еліміздегі жартылай жетім және жетім балалар санының көбейіп отырғандығын айтсақ болады. Бұл проблема барлық мемлекеттерде бар мәселе. Бірақ та тірі ата-анасы бар кезде және олар мемлекет үшін товарға айналып отырған кезде жаңа көрініс-әлеуметтік жетімдердің көбею қаупі туындауда.</p>
<p>Әлеуметтік қорғау- жас ұрпақтың тұлғалық дамуы мен қалыптасуына әлеуметтік факторлардың жағымсыз әсерлерін ескере отырып, ол әсерлерді жоюға жолын іздеуге, олардың өзін-өзі анықтауына, өмірде өз орнын таба білуге бағытталған мемлекеттің мақсаты</p>	<p>Әлеуметтік жетімдер деуінің себебі-қоғам өз мүшелеріне отбасылық, аналық борышын өтеуге жағдай тудармай жауапкершілік, махаббат аяушылық және мейірімділік сезімін қалыптастырмай отыратындығында. Мемлекет пен сол елдің азаматының арасындағы қатыгездік, немқұрайлық ата-ана мен бала арасындағы қатынаста өз көрінісін табады.</p>
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары
<p>«Тұлға-отбасы-қоғам» жүйесінің өзара әрекеттесу жүйесінің үйлестірушісі бола отырып, қоғамда, отбасында, микросоциумда ізгілікті қарым-қатынасқа тәрбиелеуге әсер етеді.</p>	<p>Әлеуметтік жетімдер деуінің себебі-қоғам өз мүшелеріне отбасылық, аналық борышын өтеуге жағдай тудырмай, жауапкершілік, махаббат аяушылық және мейірімділік сезімін қалыптастырмай отыратындығында.</p>
<p>Балаларды әлеуметтік-педагогикалық</p>	<p>Жасөспірімдермен отбасында бір бірімен</p>

<p>колдау-баламен бірге оның өзіндік көзқарасын, мақсатын мүмкіндігін анықтау үшін және қоғамда қалыпты өмір сүруге кері ықпал кедергілерді жою үшін жолын анықтау. Өмір сүруіне, қарым-қатынасы, өзін-өзі тәрбиеленуіне, алдына қойған мақсатына жету және адамгершілік қасиетін сақтап қалуына көмектесу.</p>	<p>отырып, сырласпауынан туындайтын қиыншылықтар</p>
<p>Қолайлы мүмкіндіктер</p>	<p>Сыртқы қауіптер</p>
<p>Қиын оқушыларға көмек көрсетуді үйлестіру үшін қоғамдық ұйымдармен, әлеуметтік қорғау және медицина мекемелерінен әлеуметтік әріптестікті дамыту</p>	<p>кейбір ата-аналардың өз балаларына көмек көрсетуді қаламауы.</p>

Психологиялық жұмыс

<p>Мықты тұстары</p>	<p>Әлсіз тұстары</p>
<p>1. Жыл сайын ПМПК тізіміндегі балаларды комиссиядан өткізу, ерекше білімді қажет ететін балалармен жеке жұмыстың жүргізілуі, мектеп бойынша ПМПКға жататын балалардың өсу динамикасының байқалмауы.</p> <p>2. Сынып ұжымының даму деңгейі мен қалыптасу дәрежесін зерделеу, өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу, оқушылардың агрессиялық және қорқыныш деңгейін анықтау мақсатында алынған сауалнамалар, өткізілген әдістер нәтижелері қанағаттанарлық.</p> <p>3. Буллинг, кибербуллинг және құқықбұзушылық алдын алу мәселелері жөніндегі алынған сауалнамалар нәтижелері қанағаттанарлық.</p> <p>4. Мектеп ұжымымен психологиялық тренингтер, жеке консультациялар жоспарға сәйкес өткізіліп отырады.</p> <p>5. ҰБТ, ББМЖ, кәсіби бағдар беру бойынша үздіксіз жұмыстар жүргізіледі.</p> <p>6. Сұраныс бойынша оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге кеңес беріліп отырады.</p>	<p>1. Мектебімізде психолог, дефектолог мамандарының жетіспеуі.</p> <p>2. Психолог кабинетінің материалдық базасы толық қамтылмаған.</p>
<p>Мүмкіндіктері</p>	<p>Қауіп-қатерлер</p>
<p>1. Басқа мектептердің педагог-психологтарымен, психологиялық орталықтарымен, білім берудің әдістемелік және тәрбие бөлімдерімен, өзара әрекеттесу.</p> <p>2. Аудандық білім бөлімінің жоспары</p>	<p>1. Есепте тұрған оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізу.</p> <p>2. Орта буын оқушылар мен жасөспірімдерге әлеуметтік желінің кері әсерінен туындаған мәселелер.</p>

бойынша оқу жылы барысында психолог мамандарына арналған оффлайн, онлайн вебинарлар, кездесулер ұйымдастырылады.	
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

Логопед жұмысы

Мықты тұстары	Әлсіз тұстары
1. Оқушылардың оқу үрдісіне деген қызығушылығы артып, өз бетінше дағдылары қалыптасады. Стандартты емес тәсілдер, ойындар.	Логопедиялық көмекке мұқтаж оқушылардың санын артуы.
Мүмкіндіктері	Қауіп-қатерлер
Қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалады; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көмек көрсетуді үйлестіру үшін қоғамдық ұйымдармен, балаларды жалпы білім беру ұйымында толық интеграция түріне сәйкес оқыту..	Кейбір ата-аналардың өз балаларына көмектесуге қабілетсіздігі және оны қаламауы.

III. Миссиясы мен пайымы

Мектептің миссиясы- өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті, білімді және күзiреттi, шығармашыл, бiлiмдi тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Мақсаты- мектептің білім сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру арқылы білім алушылардың жазылым, айтылым дағдыларының жақсаруына ықпал ету, мектептегі әрбір тұлғаның мәдениетін арттыруға және жағдаяттық өзгерістерге дайын болу қабілетін жетілдіруге бағытталған оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру.

IV бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

<i>Іске асыру және күтілетін нәтиже:</i>			
1	Педагогтарға арналған консультациялар, оқыту семинарларын, оның ішінде цифрлық сауаттылық мәселелері бойынша онлайн форматта ұйымдастыру	тұрақты	
2	Жаңа бағдарламалар бойынша жұмыс істейтін мұғалімдерді психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қолдау	тұрақты	
3	Нәтижесі бойынша оқыту процесін түзету	Қажеттілік болғанда	
4	Білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын сақтай отырып, жаңа цифрлық	2023,2024ж.	

	білім беру стандарттарына кезең-кезеңмен көшуді жүзеге асыру		
5	Жаңа оқу-әдістемелік жинақтарды енгізу	ҚР о-аМ жоспарына сәйкес).	
6	Педагогикалық үдерістің мазмұнында метапәндемелікті іске асыру. Кем дегенде 3 метапән арнайы курстардың, робот жасау және техника үйірмесінің, 1 клубтын жұмыс істеуі	2025ж	
7	Күнделік, электронды журнал арқылы оқушылардың білім сапасын бағалаудың формативті және жиынтық бақылауын жүзеге асыру	үнемі	
8	Оқушылардың білімін баламалы цифрлы бақылау формаларын әзірлеу	2025 ж	
9	Оқушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясын, ҰБТ талдау. Мемлекеттік гранттарды иеленген білім алушылардың білім сапасын талдау	жыл сайын жыл сайын.	
10	Білім беру сапасын бақылау жүйесін әзірлеу және іске асыру, оның нәтижелерінің көпшілік қол жетімділігін қамтамасыз ету	2024-2026 жж	

<i>Іске асыру және күтілетін нәтиже:</i>			
1	Білім алушылардың білім беру және шығармашылық Интернет-жобаларға, желілік мастер-кластарға, сырттай мектептерде қатысуын ұйымдастыру	үнемі	
2	Дарынды балалардың әлеуетін анықтау және дамыту мақсатында шығармашылық ортаны дамыту (олимпиадалар, конкурстар, конференциялар, көрмелер, зерттеу жұмыстары, оқушының "портфолиосын" қалыптастыру)	тұрақты	
3	Дарынды балалардың аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық конкурстарға, конференцияларға, олимпиадаларға қатысуы	тұрақты	
4	Олимпиада, конкурс жарыстарының жеңімпаздарының санын арттыру	жыл сайын 3% - ға	
5	Жобалау және зерттеу қызметімен айналысатын оқушылар санының өсуі	жыл сайын 5% - ға	
6	Оқушыларды халықаралық және Ұлттық зерттеулерге қатысуға дайындау (PISA-2020:	2023ж	

	математика, Жаратылыстану, оқу ("жаһандық құзыреттілік" бағыты); ICILS-2020: 8-сынып оқушыларының компьютерлік сауаттылығы және ақпараттық сауаттылығы, TIMSS -2019, PIRLS: 4-сынып: оқу; ОЖСБ: 4-сынып, 9-сынып)		
7	Мектеп сайтында "дарынды балалар" ақпараттық ортасын құру	2024 ж	
8	Педагогикалық және басқарушы кадрларды даярлаудың перспективалық жоспарын әзірлеу	2024 ж	
9	Цифрлық сауаттылық бойынша біліктілікті арттырудан өткен педагогтардың санын арттыру	жыл сайын кемінде 10%	
10	Педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы біліктілік санаты бар педагогтар санын арттыру	100% - ға дейін	
11	Педагогтердің қазіргі заманғы білім беру технологияларын меңгеруі-оқытудың инновациялық технологиялары енгізілген пәндердің үлесі	2025 жылға қарай 100%	
12	Жобалық технологияларды қолдану арқылы оқу сабақтарының үлесін арттыру	2025 жылға 60%	
13	"Қазтест" бағдарламасы бойынша педагогтардың сынамалық тестілеуіне қатысу	2024 жылдан бастап	
14	Халықаралық, облыстық бағдарламаларға қатысатын ғылыми және шығармашылық қызметке (зерттеу, эксперименталды) қосылған мұғалімдердің санын арттыру	10% - дан 30% - ға дейін	
15	Мұғалімнің еңбегін рейтингтік бағалау цифрлық жүйесін енгізу	2026ж	

<i>Іске асыру және күтілетін нәтиже:</i>			
1	Жан басына шаққанда қаржыландыру жүйесі бойынша мектептің оқу-материалдық, техникалық базасын дамыту және қолдау, пәндік оқу кабинеттерді қайта жабдықтау, оқу-әдістемелік аймақты жүйелеу бойынша жұмыстарды жандандыру	үнемі мектеп бюджетіне сәйкес	
2	Қауіпсіз жағдайлардың алдын алу және жасау мақсатында білім беру ұйымына қауіпсіз кіріп-шығуды бейнебақылау жүйесімен, қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету.	2024ж	

3	Мектепті басқарудың бағдарламалық кешенін сатып алу, енгізу, сүйемелдеу және дамыту	Үнемі. Мектеп бюджетіне сәйкес	
4	Мектеп педагогтары әзірлеген сандық білім беру ресурстарының санын арттыру (видеолекциялар, электрондық оқу басылымдары және т. б.)	жыл сайын 5-тен кем емес	
5	Мұғалімдердің сабақтарда ІТ-технологияларды қолдануы	2028 жылға 100%	
6	Қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен МБ негізгі міндеттерін іске асыру саласындағы озық педагогикалық тәжірибені диссеминациялау бойынша ақпараттық-насихаттау жұмысын жүргізу	тұрақты	
7	Мектептің үздік педагогтарының тәжірибесін тарату бойынша іс-шаралар өткізу. Бейне-сабақтарды, онлайн сабақтарды, конференцияларды, семинарларды, мастер-класстарды түрлі сайттарда және БАҚ-та орналастыру	үнемі	
8	Мектеп сайтында «Мұғалімнің әдістемелік қоржыны», «Мұғалімдердің мектептік желілік қоғамдастығы», «Мұғалімнің жеке сайты» айдарларын ашу арқылы мектептің кеңістіктік білім беру ортасын құру;	2025ж	
9	Оқушылар үшін –«Идея +», «бұл білу қызықты» мектептің кеңістіктік білім беру ортасын құру;.	2026ж	
10	Оқушыларды қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру	2024ж	
13	«Отбасылық тәрбие университеті» ата-аналарға үздіксіз білім беру бағдарламасын әзірлеу. «	2025ж	
14	«Ата-аналарға арналған мектеп» кеңес беру желілік пунктін ұйымдастыру.	2026ж	